13	91	<i>Өрмелеп үйренеміз</i>	Гимнастикалық қабырғаға әртүрлі өрмелей білуін жалғастыру; қол мен аяқтың қимыл үйлесімдігін дамыта түсу. Қолдарын екі жаққа созып, арқасын алдыға қаратып, иректеліп қойылған баумен жүру және динамикалық тепе-теңдік сақтауын дамыту. Көзмөлшерлеуін арттырып, ептілікке, ыңғайсыз (шулы) ортада зейінін шоғырландыра білуге жаттықтыру. Ойындарға қызығушылығын арттырып, шапшаңдық пен қимыл үйлесімділігіне, отбасымен салауатты өмір салтына құлшынуға баулу	1	2.05
14	92	<i>Көшбасшы бол</i>	Себетке доп лақтыру, лақтыру кезінде аяқты жазып барып итерілу, бастапқы қалыпқа дұрыс келуді үйретуді жалғастыру. Сызықтан-сызыққа алшақ аттап жүгіруде ауада қалықтап, жеңіл жүгіру үшін екпінмен итеріле білуді жалғастыру. Гимнастикалық қабырғаға қиғаштап өрмелеп, сатыдан-сатыға әртүрлі аттап, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіріп, сатыдан дұрыс ұстанып, өрмелеу дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру. Өзін-өзі басқару, ұстаным мен еркін қимылдау сеніміне тәрбиелеу.	1	5.05 7ауыстырылды
15	93	<i>Шабандоздар</i>	Бала ағзасының барлық жүйелерін жарыс қимылдарын (эстафеталарды) орындау арқылы жаттықтыру. Қимыл әрекеттердің өз бетімен еркін орындалуын жалғастыру. ә) Тік қойылған баспалдаққа сатылар арасымен өрмелеуге жаттығу. Қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіруін дамыту. Фитболды «жыланша» иректеліп жүріп, заттардың арасымен алып жүруді бекіту. Ұсақ моториканы, хоп-фитболмен текшелерді айнала арқаны тік ұстап, еденнен шұғыл екпінмен итеріліп, аяқ басына жұмсақ түсетіндей етіп секіруді дамыту. б) Ептілікті, күштілікті, көпшілдік қасиеттерін дамыту. Ұлт тарихы, халық мәдениетіне деген құрметке, білім-білік дағдыларын қолдана алуға, жүппен жұмыс, эстафеталарда басқалармен әрекет ету ережелерін сақтай білуге тәрбиелеу. Жалпақтабан мен арқа омыртқа ауруларының алдын алу	1	7.05 демалыс

16	94	<i>Спортпен шұғылданамыз!</i>	Оң қол және сол қолмен алысқа лақтыруға үйрету, қолдарын алдымен төмен қарай айналдырып, сосын артқа толық жазылғанша сермеп лақтыруға дағдыландыру. Аяқты өкшеден бастап, аяқ басына қарай басып, жылдамдықты сақтап, баяу жүтіруге жаттығуды жалғастыру. Заттардың арасымен еңбектеп жүруді бекіту, қозғалыс кезінде дұрыс қалып пен бұлшық еттердің сәйкес рефлекстерінің қалыптасуына ықпал ету. Тереңдікке секіруге, аяқты бүгіп секіріп түсуге, тепе-теңдік сақтауға жаттығу. Ептілік, төзімділік, күштілік, өзбетімен әрекет етуін дамыту. Өз денсаулығын да, өзгенің денсаулығын да сақтай білуге, әрекет етудегі тапқырлыққа тәрбиелеу.	1	12.05
17	95	<i>Секіртпе – супертренажер</i>	Қозғалыс ортасын байыту арқылы балалардың даму, сауығуына жағдай жасау, жұмыс тәртібін ұстану мен қарым-қатынасқа түсе білу қабілеттерінің қалыптасуына көмектесу (топпен жұмыс, жұппен жұмыс). 50-40-30 см көтеріліп керілген секіртпенің астымен өтуде жақсы нәтижеге жету үшін ең тиімді тәсілдерді таңдай білу. Секіртпені айналып бір аяқпен секіргенде аяқтарын түсірмеуге, жерге аяқ басымен қонуға жаттығу. Секіртпелердің арасымен жүріп өткенде, секіртпеден аттап өткенде арқаны тік ұстау дағдыларын бекіту. Талдау, ойлау, қалыптан тыс шешімдер таба білу, қимыл қозғалыс тапқырлығы, көзмөлшері коммуникативті құзырлылық қабілеттерін дамыту. Командамен жұмыста, басқа да жағдайларда жауапкершілікке тәрбиелеу.	1	14.05
18	96	<i>Аңшы боламыз!»</i>	Түрлі жағдайларда баланың жинаған білім-біліктерін саналы, өз бетімен қолдана білуіне жәрдемдесу. Биіктікке секіргендегі қол мен аяқтың қимылын түзету, дамыту. Тізені жоғары көтеріп жүруге жаттықтыру. Динамикалық тепе-теңдікті сақтауын қалыптастыру. Заттардың арасымен жүгіруді жалғастыру. Арқан биіктігі мен арқаннан өту тәсіліне қарай қол аяқты жинап жұмырлану.) Ептілік, төзімділік, күштілік, өз бетімен әрекет етуін дамыту. Өз денсаулығын да, өзгенің денсаулығын да сақтай білуге, әрекет етудегі тапқырлыққа тәрбиелеу. Дәстүрлерді сақтай білуге, топта әрекет ете білуге баулу	1	16.05
19	97	<i>Көтеріңкі көңіл күй</i>	Допты жоғары лақтырып, жерге түсіп қайта ұшқан кезде екі қолмен қағып алуға, допты алақанын жазып, саусақтарының басымен қағып алуға үйретуді жалғастыру. Допты басымен итеріп жүргізіп, алдыға қарай еңбектеуді жалғастыру. Аяқ-қолын жинап, жұмырланып отырып алдыға-артқа домалауды бекіту. Қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіре білуге, ептілікке, төзімділікке баулу. Көз ауруларының алдын алу. Өз денсаулығын сақтауға үйрету.	1	19.05
20	98	<i>Өз денемізді өзіміз басқарамыз</i>	Мидың табиғи механизмдерінің жұмысын белсендендіруге,зейіндерін тұрақтандыруға ықпал ету. Қысқа секіртпеден секіруге жаттыға түсу. Қол басының айнала қозғалуы мен аяқтың тігінен қозғалуын жалғастыру. Допты лақтыру мен жерге соғылған соң арт жақтан шапалақ ұрып қағып алу, допты қаққанда алақанын жазып, саусақ басымен қағу, бұралаңдап жерге қойылған бауды басып, екі қолын екі жаққа жазып, артпен жүру, тепе-теңдік сақтау дағдыларын арттыру.Аяқ қолын жинап жұмырланып отырып алдыға-артқа домалауды бекіту. Қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіре білуге, ептілікке, төзімділікке.Педагогтің айтқанын бұлжытпай орындауға баулу, өз-өзін басқару мен кеңістікті бағдарлау дағдыларын қалыптастыру. Өз денсаулығын сақтауға, салауатты өмір салтына үйрету.	1	21.05
21	99	<i>Қазақстан халықтарының</i>	Қазақстан халықтарының ойындарын ойнай отырып, балалардың қимыл-қозғалыс тәжірибесін толықтыру. Заттарды қозғалыстағы нысанаға лақтыруды, бастапқы қалыпқа дұрыс келуді	1	23.05

		ойындары» (таза ауада)	үйретуді жалғастыру. Бір аяқпен секіргенде аяқ басымен жеңіл секіріп, өкшесін баспай тепе-теңдік сақтауды, негізгі қимыл түзету жаттығуларын жасауды, көзмөлшерлеуін арттырып, ептілікке, ыңғайсыз (шулы) ортада зейінін шоғырландыра білуге жаттықтыру. Ұлттық ойындарға қызығушылығын арттырып, азаматтық пен толеранттыққа баулу.		
22	100	«Жұптағы спорттық ойындар»	Қозғалыс кезінде бұлшық еттің қимылын түзету үшін сәйкес рефлексстерді қалыптастыруды, желбіршекті алдына лақтырып, ракеткамен ұшу траекториясын алдыға қарай жоғары жаққа бағыттап ұруға үйретуді жалғастыру. «Қалашық» ойнау дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру, ұратын таяқты жер бауырлатып айналдырып лақтыруды бекіту. Берілген қашықтыққа орташа жылдамдықта, қолдарын еркін ұстап жүгіруді, жүріп келе жатып сап құру, қайта сап құруды жалғастыру. Күштілікті, ептілікті, төзімділікті дамыту. Спортпен шұғылдану, салауатты өмір салтына, көшбасшылыққа ұмтылу, ұстамдылық, тәртіпке баулу.	1	26.05
23	101	Тату бола білеміз!»	Бала ағзасының сыртқы тітіркендіргіштерге бейімделуін арттыру. Топтағы достық қарым-қатынасты нығайта түсу. Допты жерге оң қолы және сол қолымен кезек соғуға, допты тізесіне қысып 3 метрге секіріп баруға, екі аяқтап алдыға қарай секіріп қозғалуға, секіргенде екпінмен итеріліп, қолдарымен сермеп көмектесуге, керілген арқанның астынан түрлі тәсілдермен өткенде қол-аяғын жинап дұрыс жұмырлануға үйрете түсу. Қимыл қозғалысын түзетуді, әрекет ету тапқырлығын дамыту. Толеранттылыққа, жинақылыққа тәрбиелеу. Өз ойын айтып жеткізе білу, қателескен жағдайда ескертуді дұрыс қабылдай білу қасиеттерін қалыптастыру.	1	28.05
24	102	Біз оқушы боламыз!»	Балалардың қозғалыс тәжірибесін спорттық ойын элементтері арқылы молайтуды жалғастыру; қозғалысқа дұрыстығының кепілі болатын бастапқы қалыпқа дұрыс келе білуін бекіту; допты себетке лақтыруды, сол сәтте аяғын жазуды үйрете түсу.) Баскетбол ойнау дағдыларын, допты алып жүру дағдыларын, допты ұрғанда күшін дұрыс мөлшерлеуді, допты аяғының қасына соғуды қалыптастыруды жалғастыру. Бір орыннан ұзындыққа секіруді, еденнен екпінмен итерілуді, қолын сермеп көмектесуді жалғастыру. Білім-біліктерді қолдана білу, арқанның астынан әртүрлі тәсілмен өтіп кету дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру. Ептілікті, күштілікті, төзімді дамыту. Жеке және топта жаттығуды жалғастыру. Зал кеңістігін бағдарлай білу. Спортпен шұғылдануға, салауатты өмір салтына, ұйымдасушылыққа тәрбиелеу	1	30.05
			Барлығы: 102 сағат		

**МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ ТОБЫНДАҒЫ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС - ӘРЕКЕТТЕРІНІҢ
КҮНТІЗБЕЛІК - ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ
2024-2025 оқу жылы**

Қазақ тілі
Аптасына 2 сағ, барлығы 68 сағат

р/с	№	Міндеттері:	Сағат саны	Күні
I тоқсан- 16 сағат				
1	1	Менің балабақшам Міндеті: балабақша туралы түсініктерін кеңейту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініпжәне күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Диалогке қатысуға үйрету.	1	2.09
2	2	Балабақша бөлмелері Міндеті: балабақша туралы шағын мәтін құруға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдердітүсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.сөздерді сөз тіркесімен айтуға,сөйлем құрауға жаттықтыру, сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуғадағдыландыру.	1	5.09
3	3	Біздің топ Міндеті: <i>не? нелер?</i> сұрақтарына дұрыс жауап беруге жаттықтыру, жаңылтпаш жаттау. Қазақтіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету, игерген сөздерін қолданып,шағын мәтіндер құрауға дағдыландыру.Топтағы заттарды таза ұстауғадағдыландыру арқылы тазалыққа тәрбиелеу.	1	09.09
4	4	Біз балабақшада неістейміз? Міндеті: сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру. Қазақ тіліндегі сөздер менсөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Такпақ жаттау.	1	12.09
5	5	Балабақша қызметкерлері Міндеті: балабақшадағы қызметкерлерінің атын білу, қарапайым сұрақтар қою және оларға жай сөйлеммен жауап беруге үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолданабілуге үйрету.сөздерді сөз тіркесімен айтуға,сөйлем құрауға жаттықтыру.	1	16.09
6	6	Менің ойыншықтарым. Менің сүйіктіойыншығым Міндеті: балалардың сөздік қорларын байыту, ойыншықтардың қазақша аталуын есте сақтауға жаттықтыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. 2- 3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту.Ойыншықтарды сипаттау, сөздердібайланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.	1	19.09
7	7	Алтын күз Міндеті: игерген сөздерін қолданып, шағын мәтінқұру дағдыларын дамыту. күз мезгілінің ерекшеліктерінқазақша айтуға үйрету. Қазақ тілінде сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Жаңылтпашты жатқа және жылдам айта білуге үйрету.Қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, сөздік қорларын дамыту.	1	23.09

8	8	Көгөністер Жемістер Жидектер Міндеті: жаңа сөздердегі дыбыстарды дұрыс айтуғамашықтандыру, жаттықтыру. Тақпақты жаттау, көгөністердің қазақша атауларын дұрыс айтып, диалог құруға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. 2-3 сөйлеммензатты сипаттай білу дағдыларын дамыту.	1	26.09
9	9	Ойнайық та ойлайық Міндеті: меңгерген сөздерді ауызекі сөйлеу тілінде қолдануға талпындыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолданабілуге үйрету. Ойлау қабілеттерін дамыту, сұраққа толық жауап беруге машықтандыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.	1	30.09
10	10	Неше? Санау Міндеті: санамақтар жаттау, тура және керісанау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздердісөйлемдерде байланыстырып құрауды дағдыландыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Дикцияны, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамыту.	1	3.10
11	11	Апта күндері Міндеті: апта күндерінің қазақша атауындұрыс айту, есте сақтауға үйрету. жаңа сөздердегі қазақ тілінетән дыбыстарды дұрыс айту, сөздік қорларын дамыту. артикуляциялық моторикасын жаттықтыру, сөйлеу кезіндегі тыныс алуды және дикцияны дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	7.10
12	12	Менің отбасым Міндеті: отбасы мүшелерінің атын қазақша айтуға, сөз тіркестерін дұрыс қолдануға үйрету, тақпақ, мақал-мәтел жаттау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстардыдұрыс айтуға жаттықтыру, байланыстырып сөйлеуді дамыту. Тілдік және артикуляциялық аппаратты дамыту.	1	10.10
13	13	Ғажайып алаң Міндеті: отбасы мүшелерінің атын қазақшаайтуға, сөз тіркестерін дұрыс қолдануға үйрету, диалогке қатысуға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер менсөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстардыдұрыс айтуға жаттықтыру, байланыстырып сөйлеуді дамыту.	1	14.10
14	14	Мен және менің достарым Міндеті: қазақ тіліндегі сөздері дұрыс айтуғажәне оларды қолдана білуге үйрету, достық туралы түсініктерін кеңейту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру, сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуғадағдыландыру. Достыққа тәрбиелеу.	1	17.10
15	15	Мамандықтың бәрі жақсы Міндеті: мамандықтардың ерекшелігін түсіндіріп, байланыстырып сөйлеуге, жаңылтпаштар айтуға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдердітүсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздік қорларын байыту, дұрыс атау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	1	21.10
16	16	Жақсы өнеге Міндеті: сыпайылықты білдіретін сөздерменсөздік қорларын толықтыру, оларды күнделікті өмірде қолдана білуге дағдыландыру. Қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, артикуляциялық моторикасынжаттықтыру, сөйлеу кезіндегі тыныс алуды және дикцияны дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрысайтуға жаттықтыру. Балаларды	1	24.10

		сыпайылыққа,инабаттылыққа, әдептілікке тәрбиелеу.		
		II тоқсан- 16 сағат		
1	17	Менің пәтерім (үйім) Менің бөлмем Міндеті: қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.Неше? нешінші? сұрақтарына жауап беруге жаттықтыру. Қазақ тіліне тән дыбыстардыдұрыс айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппараттыдамыту. Өз үйіне деген жылы сезімдерін арттыру.Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, ретін сақтай отырып сөйлем құрауға жаттығуды жалғастыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Педагогтің көрсеткен үлгісі бойыншашағын мәтін құрастыра білу дағдыларын жетілдіру.Қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, артикуляциялық моторикасынжаттықтыру, сөйлеу кезіндегі тыныс алуды және дикцияны дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрысайтуға жаттықтыру.Бөлмесін жинап жүруге тәрбиелеу.	1	4.11
2	18	Менің Отаным Міндеті: педагогтің үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыруды дағдыландыру. Отан туралы тақпақүйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.Отанға деген сүйіспеншіліктерінтәрбиелеу.	1	7.11
3	19	«Зерде» интеллектуалды ойыны Міндеті: меңгерген сөздерді ауызекі сөйлеу тілінде қолдануға талпындыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолданабілуге үйрету.Ойлау қабілеттерін дамыту,сұраққа толық жауап беруге машықтандыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.Б ілімпаздыққа, шапшаң ойлауға тәрбиелеу.	1	11.11
4	20	Мемлекттік рәміздер.Мемлекеттік Ту. Мемлекеттік Елтаңба Міндеті: Мемлекеттік Туды, Елтаңбаны сипаттай білугеүйрету, тақпақты жаттау. білу үйрету, тақпақты жаттау. Қазақ тіліндегі сөздер менсөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Педагогтің көрсеткен үлгісі бойыншашағын мәтін құрастыра білу дағдыларын жетілдіру.Қазақ тіліне тән дыбыстардыдұрыс айту, ауызекі сөйлеу тілдерін жетілдіру.Отанға деген сүйіспеншіліктерінтәрбиелеу.	1	14.11
5	21	Еліміздің астанасы –Нұр-Сұлтан Міндеті: сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, тақпақ жаттау. Қазақ тіліндегі сөздер менсөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Зат есімдерді жекеше және көпше түрдеқолдану дағдыларын қалыптастыру.Сөздерді сөйлемдерге байланыстырып құрастыруды дағдыландыру. Қандай? сұрағына жауап беру дағдысын дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.Елорданы мақтан тұтуға тәрбиелеу.	1	18.11
6	22	«Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ, жаңылтпаш» ойыны Міндеті: сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, мақал-мәтел, жұмбақ жаттау дағдыларын қалыптастыру.Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айта білу және оларды қолдана білу дағдыларын дамыту.Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ауызекі сөйлеутілдерін жетілдіру.Жаңаны білуге деген құштарлықтарын арттыру және қайырымдылыққа тәрбиелеу.	1	21.11
7	23	Әсем қала – Алматы Міндеті: сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, жаңа сөздерді дұрыс айтуға жаттықтыру. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білудағдыларын жетілдіру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.Қазақ тіліне тән дыбыстардыдұрыс айтуға жаттықтыру, ауызекі	1	25.11

		сөйлеу тілдерін жетілдіру. Алматы қаласын мақтан тұтуға тәрбиелеу.		
8	24	Қыс қызығы Міндеті: қыс мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айтуға үйрету, тақпақ, жаңылтпаш жаттауға және диалогке қатысуға үйрету. Педагогтің көрсеткен үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыра білу дағдыларын жетілдіру. Жаңа сөздерде қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, қоршаған орта жайлы ұғымдарды қалыптастыру барысында сөздік қорды байыту және дамыту. Қоршаған ортаны бақылату, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	1	28.11
9	25	«Қолғап» ертегісі Міндеті: сөз тіркестерін, сөйлемдер құрауға, сұрақтарға толық жауап беруге үйрету, ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мәнерлеп, дауыс ырғағын келтіріп айтуды үйрету. есте сақтау қабілеттерін, балалардың байланыстырып, мәнерлеп сөйлеуін дамыту, сөздік қорларын дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Сыйластыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	1	2.12
10	26	«Саяхатшы» ертегісі Міндеті: Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу, өз ойларын дұрыс жеткізе білу дағдыларын және сөйлеу мәдениетін дамыту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздік қорларын, ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мәнерлеп, дауыс ырғағын келтіріп айтуды дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Сыйластыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	1	5.12
11	27	Жаңа Жыл құтты болсын! Міндеті: қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Педагогтің көрсеткен үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыра білу дағдыларын жетілдіру. Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. Сөздерді байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру. Артикуляциялық аппаратты, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамытуды жалғастыру. Жаңа Жыл мерекесіне деген қызығушылықтарын тәрбиелеу.	1	9.12
12	28	Қысқы орманға саяхат Міндеті: сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, қарапайым сұрақ қойып, оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ажырата білу дағдысын дамыту.	1	12.12
13	29	Менің киімдерім Міндеті: Сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. Киімдерін меншіктеп айта алуға үйрету. Киімдерді жекеше және көпше түрде айта алуға үйрету. Сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ажырата алу дағдыларын дамыту. Артикуляциялық аппаратты дамыту. Киімді ұқыпты, таза киюге тәрбиелеу.	1	16.12 демалыс 12.12 ауыстырылды
14	30	Қысқы киім Міндеті: 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Тақпақ жаттау үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтып, игерген сөздерін қолданып, сөйлем құрудағы дағдыларын дамыту. Кімді таза ұстауға тәрбиелеу.	1	19.12
15	31	Ұлттық киім	1	23.12

		Міндеті: қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолданабілуге үйрету. Жай сөйлемдер құра білу дағдыларын қалыптастыру. зейін қойып тыңдау, көру, таныс сөздерді таба білу секілді қабілеттерін дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Ұлттық дәстүрлерді құрмет тұтуға тәрбиелеу.		
16	32	Дене мүшелерінің атқаратын қызметі Міндеті: қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Тақпақты жатқа айтуға дағдыландыру. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білуде дағдыларын жетілдіру. Жаңа сөздердегі қазақ тілінетән дыбыстарды дұрыс айтуға машықтандыру, тіл мәдениетін дамыту. Тілдік және артикуляциялық аппаратты дамыту. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.	1	26.12
III тоқсан – 18 сағат				
1	33	Тазалықты сүйеміз Міндеті: тазалыққа байланысты сөздердің қазақша атауларын және осы сөздерді қатыстырып, сөйлем құрауға үйрету. Тақпақты жаттау жолдарын үйретіп, жатқа айта білу дағдыларын жетілдіру. Жаңа сөздердегі қазақ тілінетән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Тазалыққа тәрбиелеу.	1	13.01
2	34	Таңертең не істейміз? Міндеті: өз іс-әрекеттерін айта алуға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Шағын мәтіндер құрауға жаттықтыру. Сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.	1	16.01
3	35	Ұлттық ыдыстар Міндеті: қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолданабілуге үйрету. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. Жаңылтпашты жатқа және жылдам айта білуге үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру. Ыдыстарды ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.	1	20.01
4	36	Ыдыс-аяқ дүкені Міндеті: қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолданабілуге үйрету. Сөздерді сөз тіркесімен айтуға дағдыландыру. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білуде дағдыларын дамыту. Диалог құрып сөйлеуге дағдыландыру; қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтып, анықтай білуге жаттықтыру. Мәдениетті, сыпайы сөйлеуге тәрбиелеу.	1	23.01
5	37	Азық-түлік Міндеті: сөздік қорларын тағам атауларымен молайту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білуде дағдыларын жетілдіру. Ойлау қабілеттерін дамыту, сұраққа толық жауап беруге машықтандыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Ас қадірін білуге тәрбиелеу.	1	27.01
6	38	Асханада Міндеті: тақпақты зейін қойып тыңдауға, оның ішінен таныс сөздерді табуға жаттықтыру, сөздермен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Диалогке қатысуға үйрету. Ойлау, елестету қабілеттерін дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға	1	30.01

		жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, сұрақтарға жауап беру дағдыларын жетілдіру. Сыпайы, мәдениетті болуға тәрбиелеу.		
7	39	Әжемнің базарлығы Міндеті: сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс, анық айтуға жаттықтыру. Тағамдарды қадірлеуге, сыйлауға тәрбиелеу.	1	3.02
8	40	Нан қайдан келеді? Міндеті: қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрауды үйрету және диалогке қатысып, ауызекі сөйлеу тілдерін жаттықтыру. Тақпақты тыңдап, оның ішінен таныс сөздерді таба білу дағдыларын дамыту. Ойлау қабілеттерін, артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды (і дыбысы) дұрыс айтуға жаттықтыру. Нанды қадірлеуге, еңбек қорлыққа тәрбиелеу.	1	6.02
9	41	Үй жануарлары Міндеті: сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, үй жануарлары мен төлдерін топтай алуға жаттықтыру, мәтінді мұқият тыңдап, оның ішінен таныс сөздерді таба білуге жаттықтыру. Қазақ тіліндегі сөздермен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Ойлау қабілеттерін дамыту, сөздегі қазақ тіліне тән «ұ» дыбысын дұрыс айтуға дағдыландыру. Артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту. Үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу.	1	17.02
10	42	«Екі лак» ертегісі Міндеті: қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді байланыстырып сөйлемдер құрай білу дағдыларын жетілдіру, әрбір сөзді анық айтып, өз ойларын дұрыс жеткізе білуге үйрету. Сөздік қорларын дамыту. Сөздердегі қазақ тіліне тән «қ» дыбысын дұрыс айтуға дағдыландыру. Артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту. Балаларды татулыққа тәрбиелеу.	1	20.02
11	43	Аулада Міндеті: қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрауға жаттықтыру. Үй жануарлары туралы алған білімдерін, яғни жаңа сөздерді бекіту. Ойлау, зейін қойып тыңдау секілді қабілеттерін дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Есту және мәтіннен таныс сөздерді таба білу қабілеттерін дамыту. Қамқорлыққа тәрбиелеу.	1	24.02
12	44	Жабайы жануарлар Міндеті: қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, қарапайым сұрақ қойып, оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру. Жаңылтпаш, ойындар арқылы тіл байлықтарын дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және дикцияны дамыту. Жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу.	1	27.02
13	45	«Қазақстан барысы» ертегісі Міндеті: ертегі арқылы сынын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру. Сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Жануарларға қамқор болуға	1	3.03

		тәрбиелеу.			
14	46	Көңілді тапқырлар клубы (КТК) Міндеті: меңгерген сөздерін ауызекі тілдеқолдана білуге жаттықтыру. Ойлау қабілеттерін дамыту,сұраққа толық жауап беруге машықтандыру. Бірлесе жұмыс істеуге тәрбиелеу.		1	6.03
15	47	Көктем Міндеті: жыл мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айта алу, суреттер туралы шағын мәтіндер құрастыруды дағдыландыру. Қазақ тіліндегі сөздер менсөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.Сөздерді сөз тіркесімен айтуға,сөйлем құрауға жаттықтыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.Табиғаттың әдемілігін көре білугетәрбиелеу.		1	10.03
16	48	Көктемгі еңбек Міндеті: көктемгі еңбек түрлерін қазақшаайта алу. Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету.Сөйлем құруда сөздерді ретімен қолдануға жаттықтыру, «Ө» дыбысын дұрыс айтуға жаттықтыру, артикуляциялық аппаратты дамыту.Үлкендер еңбегін құрметтеуге, еңбекетуге тәрбиелеу.		1	13.03
17	49	Көктем келді, құс келді Міндеті: жыл құстарды танып дұрыс атау, жаңылтпаштарды айтуға үйрету. Қимылын білдіретінсөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру. Зат есімдерді жекеше жәнекөпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру. «Ұ» дыбысын дұрыс айтып,ажыратуға жаттықтыруды жалғастыру. Сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрастыруды дамыту. Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.		1	17.03
18	50	Армысың, әз Наурыз! Міндеті: қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолданабілуге үйрету.Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, өткенді еске түсіру. Сөздерді сөйлемдерге байланыстырып құрауды дағдыландыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыруҰлттық салт-дәстүрлерге құрметпен қарауға тәрбиелеу.		1	20.03
IV тоқсан – 18 сағат					
20	51	Ертегі әлемі	Міндеті: зейін қойып тыңдауға, қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделіктіөмірде қолдана білуге үйрету.Кейіпкер бейнесін көрсетугеынталандыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.Қайырымдылыққа, көмек беругетәрбиелеу.	1	31.03
1	52	Қандай түстер	Міндеті: қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Балаларға сөйлем құратуда сын есімдердіпайдалануға үйрету: түсін сипаттай білуді меңгерту. Қандай? сұрағына жауап беруге үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстардыдұрыс айту, ауызекі сөйлеу тілдерін жетілдіру.Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	3.04
2	53	Біз мектепке барамыз	Міндеті: сөздерді дұрыс айтуға	1	7.04

			машықтандыру. Сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрастыруды дағдыландыру. Жаңылтпашты шапшаң және сөздерін анық айтуға үйрету. Сөздерді саналы түрде есте сақтап, күнделікті өмірде қолдану дағдыларын дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолданудағыларын қалыптастыру. Мектеп туралы ұғымдарын кеңейту арқылы білімге деген қызығушылықтарын ояту.		
3	54	Мектепке не апарамыз?	Міндеті: оқу құралдарын дұрыс атап, есте сақтау үйрету. Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Педагогтің үлгісі бойынша шағын мәтіндер құрастыруды дағдыландыру. Жаңылтпашты қайталау, дұрыс айтуға дамыту. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды ажыратуға жаттықтыру. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру. Білімге деген қызығушылықтарын арттыру.	1	10.04
4	55	Оқушыға не керек	Міндеті: сөздерді саналы түрде есте сақтауға және дұрыс айтуға тілдерін жаттықтыру. Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Сөздерді байланыстырып сөйлеуді, 2-3 сөзден сөйлем құруға жаттықтыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	14.04
5	56	Дыбыстар әлемі	Міндеті: сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды ажырата алу дағдыларын нығайту. Есту, тілдік және артикуляциялық аппаратты, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамыту. Мәдениетті сөйлеуге тәрбиелеу.	1	17.04
6	57	Не? Кім? Қайда?	Міндеті: қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сұрақ қоюға және сұраққа толық сөйлеммен жауап беруге жаттықтыру. Ойлау, ауызекі сөйлеу белсенділігін арттыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Білімпаздыққа тәрбиелеу.	1	21.04
7	58	Жайлауда	Міндеті: жайлау туралы түсінік беру, қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Тақпақ жаттау үйрету. Сурет туралы педагогтің үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыруды дағдыландыру. Сөздерді біріктіріп сөйлем құрау қабілеттерін дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамыту. Туған жердің табиғатының сұлулығын көре білуге тәрбиелеу.	1	24.04
8	59	Киіз үй	Міндеті: киіз үйі оның ішіндегі кейбір заттар туралы сөздерді айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Сурет туралы педагогтің үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыруды дағдыландыру. Сөздерді байланыстырып сөйлеуді, артикуляциялық аппаратты дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Ұлттық қолөнерді қадірлеуге тәрбиелеу.	1	28.04
9	60	Әжемнің оюлары	Міндеті: сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, ұлттық салт-дәстүрлерге	1	01.05

			байланысты сөздерді айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Сурет туралы педагогтің үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыруды дағдыландыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру, тілдік және артикуляциялық аппаратты дамыту. Өнерді түсінуге, салт-дәстүрді құрметтей білуге тәрбиелеу.		
10	61	Қазақстан – ортақ үйіміз	Міндеті: қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Педагогтің көрсеткен үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыра білу дағдыларын жетілдіру. Мақал-мәтелдерді айтуға үйрету. Сөйлеу мәдениетін жетілдіру, сөздерді сөйлемдерге байланыстырып құрауға дағдыландыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Достыққа, татулыққа тәрбиелеу.	1	5.05
11	62	Көлік	Міндеті: қоршаған ортадағы заттардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. Жаңылтпаштарды айтуға үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ажырата білу дағдысын дамыту. Білуге деген ынталарын арттыру.	1	8
12	63	Алақай, жаз келді! Жаз қызығы	Міндеті: жаз айларын қазақша айта білу, қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Педагогтің көрсеткен үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыра білу дағдыларын жетілдіру, сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. Сұрақтарға саналы түрде жауап беру дағдыларын дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Табиғатты сүйуге, аялауға тәрбиелеу.	1	12.05
13	64	Ерте, ерте ертеде ...	Міндеті: сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Қазақ ертегілерінің кейіпкерлерін танып, білуге үйрету, халық ауыз әдебиеті арқылы тілдерін жетілдіру. Байқампаздық, салыстыру, жақсы қасиеттерді түсініп, өз ойларын айтуды дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Қазақ ертегілеріндегі жағымды кейіпкерлерден үлгі алуға тәрбиелеу.	2	15.05- 19.05
14	65	Жұмбақ шешейік	Міндеті: сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. меңгерген сөздерімен сөйлем құрауға жаттықтыруды жалғастыру. Қысқаша мәтін құруды дамыту, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ажырата білу дағдысын дамыту. Білуге, ынталануға талпындыру.	1	20.05
15	66	Мен не білемін және не істей аламын?	Міндеті: қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Ауызекі сөйлеу белсенділігін арттыру. қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ажырата білу дағдысын дамыту. жаңаны білуге деген құштарлықтарын арттыру және қайырымдылыққа тәрбиелеу.	2	26.05- 29.05
			Барлығы: 68 сағат		

**МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ ТОБЫНДАҒЫ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС - ӘРЕКЕТТЕРІНІҢ
КҮНТІЗБЕЛІК - ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ
2024-2025 оқу жылы**

**Сурет салу, Мүсіндеу, Жапсыру, Құрастыру
(0,25 сағат) Барлығы – 34 сағат**

№	Пәні	ҰҚ тақырыбы	Міндеттері:	Сағат саны	күні
I тоқсан – 8 сағат					
1	Сурет салу	Ағаш бұтақтары (Түрлі түсті қарындаштар	ағаш түрлері, терек бұталарының салыну тәсілдері туралы білім беру; балалардың шығармашылық қабілетін дамыту; жұмысты ұқыпты, таза жасауға тәрбиелеу	1	4.09
2	Мүсіндеу	Жеміс бағында Себет	пішінді мүсіндеудің таныс әдістерін пайдалана отырып, жемістерді мүсіндеу; бейнені затпен салыстыру, мүсіндегі сәйкестіктерді анықтай білу қабілеттерін дамыту; балаларды табиғатты сүюге тәрбиелеу	1	11.09
3	Жапсыру	Көшедегі үйлер	архитектуралық бөлшектер туралы түсініктерін кеңейте отырып, әр бөлікті өз орнына ұқыптылықпен жапсыру қабілеттерін дамыту; балалардың үй туралы, оның түрлері туралы ой-қиялдарын жетілдіру, шығармашылыққа тәрбиелеу	1	18.09
4	Құрастыру	Ұшақ	құрылыс материалдарынан ұшақты құрастыра білуге үйрету; ұшақты құрастыруда оның негізгі бөлігі мен ұсақ бөлшектерін ажырата алу және балалардың ой-қиялын дамыту; өзінің іс-әрекетін алдын ала жоспарлау дағдыларын қалыптастыру, батылдыққа, ерлікке тәрбиелеу	1	25.09
5	Сурет салу	Күзгі орман (Акварель бояу)	Міндеттері: білімділік: мазмұнды сурет салудағы сүйкей жағу арқылы қағаз бетіне дақ түсіру тәсілін үйрету; дамытушылық: қылқаламмен және бояумен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру; тәрбиелік: ұқыпты жұмыс істеуге үйрету, тиянақтылыққа тәрбиелеу.	1	2.10
6	Мүсіндеу	Көгөністер	білімдік: геометриялық фигураларды қияр, қызылша, сәбіз, т.б. көгөністер пішініне келтіру арқылы мүсіндеу; дамытушылық: қолдың ұсақ моторикасын, ойлау қабілеттерін дамыту; тәрбиелік: адамгершілік, эстетикалық тәрбие беру.	1	9.10
7	Жапсыру	Біздің үй	геометриялық пішіндерді үйлестіре отырып, үйдің бөліктерін сюжетті жапсыруға үйрету; ойлау, есте сақтау, қағазбен жұмыс жасау қабілеттерін дамыту; еңбекқорлыққа тәрбиелеу; шығармашылыққа жетелеу	1	16.10

8	Құрастыру	Көңілді автобус	Қатырғы қағазды ортасынан қос бүктеу тәсілі арқылы автобусты құрастыруға үйрету; автобустың ұсақ бөлшектерін үлгіге сәйкес қиып дайындау, сөзбен сипаттау арқылы сөздік қорын дамыту; құрылымдық шешімдер таба білуге, ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.	1	23.10
II тоқсан -8 сағат					
9	Сурет салу	Тостаған (Акварель бояу)	Міндеттері: білімділік: балаларға тостаған және оған құйылатын сусындар туралы білім беру; дамытушылық: қылқаламды пайдалана отырып заттыбезендіруде түстерді ажырата білу қабілеттерін дамыту; тәрбиелік:жұмыс барысында икемділікке тәрбиелеу	1	6.11
10	Мүсіндеу	Саңырауқұлақтар	білімдік:саңырауқұлақ түрлерімен таныстыру, түс ерекшеліктерін ажырата отырып бірнеше саңырауқұлақты мүсіндеу,саңырауқұлақ алқабын жасау; дамытушылық:балалардың қиялын, ойлау қабілетін дамыту;тәрбиелік:еңбекқорлыққа, ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу	1	13.11
11	Жапсыру	Кемпірқосақ	қайшыны дұрыс қолдана білу, желімді ұқыпты пайдалану дағдысын бекіту; саусақ моторикасын дамыту; логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту, жазғы табиғат құбылыстары туралы түсініктерін жетілдіру; табиғатты сүюуге, ұқыптылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу	1	20.11
12	Құрастыру	Жәндіктер	-табиғи материалдардың түрлерімен таныстыру және олардан жәндіктерді құрастыруды үйрету; кепкен жапырақтардың пішініне сәйкес әртүрлі ұсақ заттар дайындау, шығармашылық қабілеттерін дамыту; табиғи материалдармен ұқыпты жұмыс жасай білуге дағдыландыру, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу	1	27.11
13	Сурет салу	Торсық . (Түрлі түсті қарындаштар)	Міндеттері: білімділік: торсық және оның жасалу жолдары туралы білім беру; дамытушылық: заттың көлеміне, пішініне сәйкес өрнектерді дұрыс орналастыра білу іскерліктерін дамыту; тәрбиелік: түрлі өлшемдегі өрнекті элементтерді үйлестіру,жұмысты уақытымен нұсқау бойынша орындауға тәрбиелеу	1	4.12
14	Мүсіндеу	Күзгі жапырақ-тар (бедерлі мүсіндеу)	білімдік:маусымдық өзгерістер туралы білімін кеңейту; дамытушылық:балалардың қиялын, ойлау қабілетін дамыту; тәрбиелік:еңбекқорлыққа, ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	11.12

15	Жапсыру	Саңырауқұлақтар	кеңістікте орналастыра білуге үйрету; баланың ой-қиялын дамыту; қол, саусақ қимылдарын жетілдіру; табиғат әсемдігін көре білуге тәрбиелеу	1	18.12
16	Құрастыру	Жануарлар әлемі	киндер қауашақтарынан аңдардың бейнесін жасай білуге үйрету; қалдық заттармен жұмыс жасауда шығармашылық ойлауды дамыту; сөзбен сипаттау арқылы сөздік қорын дамыту; ұқыптылыққа тәрбиелеу;		25.12
III тоқсан – 9 сағат					
17	Сурет салу	Жаңбырлы күн (Акварель бояу)	білімділік: балаларға табиғи құбылыстар туралы білім беру; дамытушылық: үзік сызықтарды жоғарыдан төмен қарай бір бағытта қағаз бетінде бағдарлай білуді үйрету; тәрбиелік: жұмысты ұқыпты, таза жасауға тәрбиелеу	1	15.01
18	Мүсіндеу	Жаңғақ кемірген тиін	білімдік: алған білім дағдыларын пайдалана отырып, тиіннің мүсінін жасау, дене бөліктерін біріктіріп қосу, табиғи материалдарды таңдай білу қабілеттерін қалыптастыру; дамытушылық: баланың ойын, тілін, шығармашылық қабілетін, көркемдік талғамын дамыту; тәрбиелік: жан-жануарларға деген қамқорлық сезімін тәрбиелеу.	1	22.01
19	Жапсыру	Күзгі жапырақтар	қол, саусақ қимылдарын арттыру; көркем сөйлеу тілін дамыту; табиғатты сүйуге, еңбекке тәрбиелеу	1	29.01
20	Құрастыру	Менің үйім	құрылыс материалдарын пайдаланып өз үйлерін құрастыра білуге үйрету; әртүрлі құрылыстардың нұсқаларын жасау арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту; -құрылысты талдау жасау арқылы сөйлеу тілін дамыту; отбасына деген сүйспеншілік сезімдерге тәрбиелеу.	1	5.02
21	Сурет салу	Қоржынды сәңдейміз (Түрлі түсті қарындаштар)	білімділік: қазақ оюларының көптүрлілігі туралы түсініктерін кеңейту, балаларға қоржынды салу техникасы мен оны әшекейлеу ерекшеліктері туралы білім беру; дамытушылық: қоржынды нұсқау бойынша безендіру арқылы балалардың көркемдік талғамын және шығармашылық қабілетін дамыту; тәрбиелік: ою-өрнек элементтерін дұрыс орналастыру арқылы көркемдік тәрбие беру, жұмысты орындау барысында ептілікке тәрбиелеу	1	19.02
22	Мүсіндеу	Үйрек	білімдік: балалардың «үлкен–кіші», «көп–аз» ұғымы, дөңгелек және сопақша пішін туралы түсініктерін бекіту; дамытушылық: көркемдік талғамдарын,	1	26.02

			қиялдарын, ойлау қабілеттерін, саусақ икемділіктерін дамыту; тәрбиелік: ұқыптылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.		
23	Жапсыру	Гүл салынған ыдыс	ұсақ қол қимылдарын дамыта отырып, қию, жапсыру дағдыларын қалыптастыру; табиғатты аялай білуге, жақсы тілектер айтуға, ұқыпты болуға тәрбиелеу.	1	5.03
24	Құрастыру	Орманды мекендеушілер	табиғи материалдардан әртүрлі орман мекендеушілерін жасай білуге үйрету; табиғи материалдарды пайдаланып әртүрлі бейнелер жасай білу, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту; ұжымдық жұмыс жасау арқылы мазмұнды құрастыруға қозғау салу, шығармашылық ойлауды және қиялдауды дамыту; ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.	1	12.03
25	Сурет салу	Автобус (Түрлі түсті қарындаштар)	білімділік: балаларға кеңістік туралы, кеңістікте бағдарлау туралы білім беру; дамытушылық: заттың пішіні туралы білімдерін жетілдіру, оларды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру; тәрбиелік: достыққа, татулыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу	1	19.03
IV тоқсан -9 сағат					
26	Мүсіндеу	Қоян бауырсақты кездестірді	білімдік: балаларды елестету арқылы таныс бейненің мүсінін жасау іскерліктерін жетілдіру; дамытушылық: балалардың шығармашылық қабілеттерін, сөйлеу тілдерін дамыту; тәрбиелік: әсемдікті сезіне білуге, сүйіспеншілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу	1	2.04 7 ауыстырылады
27	Жапсыру	Бұлттар	қағаз бетіне бейнені дұрыс орналастыра білу машығына баулу; шығармашылық қабілеттерін дамыту; табиғатты сүйуге, әсемдікке тәрбиелеу	1	9.04
28	Құрастыру	Ою-өрнектер	- сым темірден ою-өрнек құрастыра білуді үйрету; көрнекіліктерді қолдану және ойдан шығару, өзінің көз алдына елестету арқылы жұмыс жасай білуді дамыту; сым темірден жасалған ою-өрнектердің түрлерін атауды және ою-өрнектерді ию арқылы жасай білу, еңбек нәтижесіне жете білуге тәрбиелеу	1	16.04
29	Сурет салу	. Бидай масақтары (Акварель бояу)	білімділік: балаларға дәнді дақылдардың түрлері туралы білім беру; дамытушылық: балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, суреттің мазмұнын бере білуді үйрету; тәрбиелік: астықты, дәнді дақылдарды құрметтей білуге тәрбиелеу.	1	23.04
30	Мүсіндеу	Биші Әйгерім	білімдік: ермексаздан әртүрлі пішіндер жасату арқылы баланың қызығушылығын ояту, шығармашылық қабілетін арттыру; дамытушылық: балалардың ойлау қабілетін, көркемдік талғамдарын арттыру, саусақ қимылдарын дамыту; тәрбиелік: ұқыптылыққа, тиянақтылыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу	1	7.05 демалыс

31	Жапсыру	Айдарлы әтеш	үй құстарына деген қамқорлық сезімдерін ояту; ойлау қабілеттерін , қиялын дамыту; ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу.	1	14.05
32	Құрастыру	.Әдемі ұшақтар	құрылыс материалдарынан ұшақты құрастыра білуге үйрету; ұшақты құрастыруда оның негізгі бөлігі мен ұсақ бөлшектерін ажырата алу және балалардың ой-қиялын дамыту; өзінің іс-әрекетін алдын ала жоспарлау дағдыларын қалыптастыру, батылдыққа, ерлікке тәрбиелеу	1	21.05
33	Сурет салу	Сазбалшықтан жасалған табақ	Балаларға қазақ халқының ыдыстары туралы білім беру. Тәрелкені салу ерекшеліктерін, оны ою-өрнекпен безендірудің орындалу тәсілдерін үйрету. Көркемдік талғамын дамыту, ұқыптылық пен жинақылыққа тәрбиелеу.	1	28.05
			Барлығы: 33 сағат		

**МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ ТОБЫНДАҒЫ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС - ӘРЕКЕТТЕРІНІҢ
КҮНТІЗБЕЛІК - ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ
2024-2025 оқу жылы**

«Көркем әдебиет»

Аптасына 2 сағ, барлығы 68 сағат

р/с	№	Міндеттері:	Сағат саны	Күні
I тоқсан – 16 сағат				
1	1	Білімнің – бұлағың (Ақылбек Шаяхметовтің өлеңі) Мақсаты: әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін қалыптастыру Міндеттері: Өлеңнің баяндау сипатын сезінуге баулу. Тілдік ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорын байыту. Өз ойын жеткізіп айта білуге тәрбиелеу.	1	4.09
2	2	Күз – жомарт (Ермек Өтетілеуұлының өлеңі) Мақсаты: өлеңді логикалық екпінмен, үзілістермен жатқа айтуға дағдыландыру. Міндеттері: Өлең мазмұнын мәнерлеп айтуға үйрету. Байланыстырып сөйлеуін жетілдіру. Қоршаған ортаны, табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу.	1	6.09
3	3-4	Кішкентай бағбан (Мәдіхат Төрежановтың әңгімесі) Мақсаты: әңгіменің эмоциялық-бейнелік мазмұнын жеткізе баяндауға баулу. Міндеттері: Әңгімелеуде сюжеттік бірізділікті сақтап, бейнелеуіш сөздерді қолдануға үйрету. Тілдік ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорын байыту. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	2	11.09-16.09
4	5-6	Жемістер жыры (Рза Қунақованың өлеңі) Мақсаты: өлеңді мәнерлеп, логикалық екпінмен, үзілістермен айтуға дағдыландыру. Міндеттері: Қоршаған орта туралы түсінігін қалыптастыру. Тілдік ойлау қабілетін дамыту. Өз ойын айта білуге, басқалардың пікірін тыңдай білуге тәрбиелеу.	2	18.09-20.09
5	7-8	Шаруа мен аю (орыс халық ертегісі) Мақсаты: ертегінің мазмұнын эмоциямен қабылдай білуге дағдыландыру. Міндеттері: Ертегі сюжеті бойынша рөлге бөліп мазмұндауға үйрету. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. Ертегі арқылы еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	2	25.09-27.09
6	9-10	Менің ойыншықтарым (Мұзафар Әлімбаевтың өлеңі) Мақсаты: өлеңді жаттау арқылы мәнерлеп оқуға дағдыландыру. Міндеттері: Өлең тілінің бейнелілігін сезінуге баулу. Сөздік қорын байыту. Ойыншықтарды ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.	2	2.10-04.10
7	11-12	Әкесі мен балалары (Лев Толстойдың әңгімесі) Мақсаты: сюжеттік бірізділікті сақтап, қисынды мазмұндауға баулу.	2	9-11

		Міндеттері: Әңгіменің кейіпкерлерімен таныстыру. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. Өз ойын айта білуге, басқаның пікірін тыңдай білуге тәрбиелеу.		
8	13-14	Арыстан мен тышқан (қазақ халық ертегісі) Мақсаты: таныс сюжеттер бойынша қойылымды сахналауға дағдыландыру. Міндеттері: Рөлді шығармашылықпен сахналауға баулу. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. Өз ойын жеткізіп айта білуге тәрбиелеу.	2	16-18
9	15-16	Алтын астық (Қосжан Мүсіреповтің өлеңі) Мақсаты: өлеңді дауыс ырғағымен, логикалық екпінмен жаттауға дағдыландыру. Міндеттері: Сурет бойынша әңгіме құрауға баулу. Тілдік ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорын байыту. Еңбекті қадірлеуге тәрбиелеу.	2	23.09
II тоқсан – 16 сағат				
1	17-18	Мақтақыз бен мысық (қазақ халық ертегісі) Мақсаты: ертегі мазмұнын ойнату арқылы театр мәдениетіне баулу. Міндеттері: Қоршаған орта, табиғат туралы түсінігін қалыптастыру. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. Адал дос болуға тәрбиелеу.	2	6.11-08.11
2	19-20	Әдептілік әлемі (Ермек Өтетілеуұлының өлеңі) Мақсаты: өлеңді жаттату арқылы мәнерлеп оқуға дағдыландыру. Міндеттері: Сурет бойынша әңгімелеуде теңеуді қолдануға үйрету. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. Әдептілікке, кішіпейілділікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.	2	13-15
3	21-22	Ақымақ қасқыр (қазақ халық ертегісі) Мақсаты: ертегі мазмұнын ойнату арқылы театр мәдениетіне баулу. Міндеттері: Қоршаған орта, табиғат туралы түсінігін қалыптастыру. Тілдік ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорын байыту. Жағымды мінез-құлық қалыптастыру.	2	20-22
4	23-24	Қыс (Абдрахман Асылбековтің өлеңі) Мақсаты: өлеңді дауыс ырғағымен, логикалық екпінмен жаттауға дағдыландыру. Міндеттері: Қоршаған орта туралы түсінігін қалыптастыру. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. Табиғаттың әдемілігін сезіне білуге тәрбиелеу.	2	27-29
5	25-26	Тәуелсіз Қазақстан (Оразақын Асқардың өлеңі) Мақсаты: әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін дамыту. Міндеттері: Әуеннің сазын, ырғағын сезінуге, өз даусын басқара білуге баулу. Тілдік ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорын байыту. Туған жерін сүйуге, қадірлеуге тәрбиелеу	2	4.12-06.12
6	27-28	Тәуелсіздігіміз мәңгілік (Өлия Дәулеткелдінің әңгімесі) Мақсаты: сюжеттік бірізділікті сақтап, көңіл күймен, қисынды мазмұндауға дағдыландыру. Міндеттері: Әңгіменің тілдік бейнелілігін сезінуге баулу. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. Татулықта, бірлікте өмір сүруге тәрбиелеу.	2	11-13
7	29-30	Орман емшілері (Максим Зверевтің әңгімесі)	2	18-20

